

XNIS Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы

Ақпараттық хат

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ (НЗМ) **2018 жылдың 25-26 қазанында «Жаңа дәуірдің мектебі»** тақырыбында оныншы НЗМ Халықаралық конференциясын өткізеді.

Бұл НЗМ Халықаралық конференциясы Назарбаев Зияткерлік мектептері істеп жатқан жұмыстың маңызды бөлігіне айналды және жаһандану жағдайында білім беруді дамыту жөнінде тәжірибе, қорытынды және үрдістер алмасу бойынша алаң ретінде қызмет атқарады. Өткен жылы конференцияға жергілікті және халықаралық білім беру ұйымдары мен академиялық институттардың өкілдерін қоса алғанда 1400-ден астам өкіл қатысты.

Соңғы сегіз жылдың ішінде конференция білім беру саласында ең маңызды мәселелерді қарастыратын форум ретінде өз беделін қалыптастырды. Биылғы жылы өтетін конференцияда оқытудағы сыни тәсілдемелерін пайдалану, болашақ оқушылар ұрпағының қажеттіліктері, білім беру тәжірибесінде жасанды зият секілді технологияларды пайдалану мәселелері талқыланады.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» жүйесінің жұмысы үнемі жетілдіріліп отырады және осы үдерістегі Халықаралық конференцияның рөлі аса маңызды. Конференция білім беру реформасындағы маңызды тәжірибесі мен жаңашыл идеялары бар ғалымдар мен педагогтерді, білім саласындағы қайраткерлерді жинай отырып, Қазақстанның және бүкіл аймақтың білім беру жүйесін одан әрі дамытуға қолдау көрсетеді.

Өткен конференцияларға қатысқандардың арасында білім берудегі инновацияға үлес қосқан мынадай тұлғалар бар:

- *Дэвид Бриджэс, Коллин МакЛафлин, Роз МакЛеллан, Элейн Уилсон және Лиз Уинтер*, Кембридж университетінің профессорлары, Қазақстанның орта білім жүйесі туралы зерттеулерді жүргізді. Нәтижесінде, Қазақстанның мектеп білім беру реформасы жөнінде Кембридж университетінің баспасында кітап жариялады;

- *Питер Мехисто* (Эстония), *Фред Дженеси* (Канада) және *Хьюго Батенс Бирдсмор* (Бельгия) - көптілді оқытуды жүзеге асыру саласындағы сарапшылар, Назарбаев Зияткерлік мектептерде үштілді білім беру жүйесін дамытуға қатысты;
- *Джон Эллиотт* (Ұлыбритания), *Марит Хоудад* (Норвегия), *Ивета Силова* (АҚШ), НЗМ Ғылыми-консультативтік кеңесінің мүшелері;
- НЗМ стратегиялық әріптестестерінің арасындағы халықаралық сарапшылар, Джон Хопкинс Университетіндегі Дарынды жастар орталығы (АҚШ), СіТО (Нидерланд Корольдігі), СІЕ (Ұлыбритания), СІЕ (Нидерланд Корольдігі), НАМК және JAMK (Финляндия) және өзге басқа да әлемге әйгілі мекемелер;
- Білім саласында саясатты қалыптастыратын тұлғалар мен зерттеушілер, соның ішінде *Юрий Белфали* мен *Михо Тагума* (ЭЫДҰ), *Павел Лукаш* (Мәскеу басқару мектебі және Каролин Адамс (Халықаралық Бакалавриат);
- Атақты халықаралық сарапшылар *Уильям Шмидт* (АҚШ), *Патрик Гриффин* (Аустралия), *Ричард Фелпс* (АҚШ), *Гюнтер Марис* (Нидерланд), *Тошия Чичибу* (Жапония), *Хироюка Куно* (Жапония) және тағы басқалар.

Өткен жылғы конференцияға 25 елдің және 200-ден астам жергілікті және халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты. Секция отырыстарының барысында 170-тен астам презентациялар ұсынылды. Конференция материалдары конференцияның сайтында тегін қолдана аласыз.

Өткен жылдардағы білім беру ресурстарының көрмесіне PASCО, СіТО және Cambridge Assessment ұйымы секілді білім беру ұйымдары қатысты. NIS халықаралық конференциясындағы көрме сіздің ұйымыңыздың немесе компанияңыздың жұмысын жаһандық деңгейде көрсетуге мүмкіндік береді.

Конференцияның негізгі тақырыптарын, соның ішінде құндылықтарды үйрету, оқушылардың әл-ауқаты және инновациялар секілді тақырыптарды талқылау үшін осы жылы өтетін шараға келесі баяндамашылар шақырылды:

- *Шалва Амонашвили*, Мәскеу педагогикалық университетінің профессоры, Ресей Білім академиясының толық мүшесі, *адамгершілік*

педагогика теориясының авторы, көптеген кітаптар мен мақалалардың авторы;

- *Кай-Миң Чең*, еңбек сіңірген білім қайраткері және кафедра профессоры, Гонгконг университетінің білім факультеті, Гонгконг;
- *Кэтрин Чэн*, Қолданбалы педагогиканың профессоры, Гонгконг университеті, Гонгконг;
- *Майкл Янг*, еңбек сіңірген білім қайраткері, профессоры, Білім беру институты, Лондон, Ұлыбритания, *қуатты білім* теориясының авторы.
- *Дэвид Марш*, Инновациялар және сыртқы байланыстар директоры, EduCluster, Финляндия.

Сол сияқты, білім беру тәжірибесі мен ғылым саласындағы басқа да жетекші сарапшылардың қатысуы күтілуде.

Осы жылы өтетін конференцияда 50 секциялық отырыс, 12-ге жуық бағыт ұйымдастырылады деп күтілуде.

1. Философия және әлеуметтік білім беру
2. Болашақ технологиялар мен білім беру ресурстары
3. Білім берудегі көшбасшылық және басқару
4. Мұғалімдерді оқыту, кәсіби дамыту және олардың әл-ауқатын қамтамасыз ету
5. Куррикулум және пәндер
6. Көптілді білім беру
7. Мектептегі бағалау
8. Сабақ беру және оқыту әдістері
9. Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудегі тәрбие және оқыту
10. Балаларды тәрбиелеу, дамыту және олардың әл-ауқатын қамтамасыз ету
11. Білім беру сапасын және мектептердің тиімділігін бағалау
12. Теория, тәжірибе және білім зерттеулерінің этикасы

Конференцияға қатысушылар НЗМ конференциялар және семинарлар сайтында мына сілтеме бойынша (<http://conferences.nis.edu.kz>) тіркеле алады және әлеуетті баяндамашылар осы сайтқа өз баяндамасын жібере алды. Конференцияға қатысудың әртүрлі мүмкіндіктерін ұсынамыз: баяндама жасау, презентациялар, дөңгелек үстелдерге, панельдік пікірталастарға, семинарларға қатысу, стенд баяндамаларына арналған секциясы және білім беру ресурстарының көрмесіне қатысу.

Білім беру жүйесін жетілдіруде конференцияның маңызды рөлін ескере отырып, сіздің ұйымыңыздың өкілін өз тәжірибесі және зерттеу

нәтижелерімен бөлісу үшін конференцияға ат салысу және жоғарыда көрсетілген бағыт шеңберінде ұйымдастырылған сессияларға қатысу үшін шақырамыз.

Конференция туралы толығырақ ақпаратты алу үшін <http://conferences.nis.edu.kz> веб-сайтын қарай аласыз немесе conference@nis.edu.kz электрондық поштасына жазуыңызға болады. Конференцияға қатысу туралы сұрақтарыңыз болса, conference@nis.edu.kz электрондық поштасы арқылы немесе + 7-7172-235700 телефоны арқылы хабарласыңыз (ішкі 1151 немесе 1090).

Ізгі ниетпен,

НЗМ Халықаралық конференциясының ұйымдастыру комитеті